

Ақмола, Ақтөбе, Алматы қалаларына аэродромдық радиолокаторлар беру жөніндегі инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1666

Француз Республикасы ұсынған несиені тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Француз Республикасының несиесін 1996 жылдың 16 наурызында "Қазаэронаигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен "Томсон-ЦСК" (Франция) арасында жасалған 607/PBP контрактісіне сәйкес Ақмола, Ақтөбе, Алматы қалаларына аэродромдық радиолокаторлар беру жөніндегі инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін пайдалану туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Аталған жоба бойынша аванстық төлемді төлеуді, негізгі қарызды, проценттерді, несие бойынша барлық ілеспе төлемдерді өтеуді және банк шығындарын төлеуді өзіне қабылдайтын "Қазаэронаигация" республикалық кәсіпорны түпкілікті заем алушы болып айқындалсын.

3. "Қазаэронаигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне төлемдік міндеттемелерді атқаруды қажетті қамтамасыз етуді ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

Сосьете-Женераль француз банкімен дербес несиелік келісім жасассын;

"Қазаэронаигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен ішкі несиелік келісім жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының кепілдігін берсін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен

Қазақстан Республикасының кепілдіктерін қамтамасыз ету туралы келісім және несиеге қызмет көрсету туралы келісім жасассын.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп аталған жобаның жүзеге асырылуын және несие бойынша төлемдердің уақытылы жүзеге асырылуын бақылауды қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК